

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АУДАРМАДАҒЫ МЕТРОРИТМИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ СӘЙКЕСТІГІ

*Габдкаримова Г.С.¹, Оспанова Г.Т.², Рысбаева Г.К.³

^{*1,2}әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

³Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің орыс және ағылшын тілдеріне аудармаларындағы метроритмикалық құрылымның сәйкестігі жан-жақты зерттеледі. Поэтикалық аударманың басты ерекшелігі — оның формалық еркіндігі мен аудармашының мағынаны дұрыс жеткізу қажеттілігі. Сонымен қатар, аудармада көркемдік мәнер, рифма және әуеннің сақталуы аудармашы үшін үлкен сын болып табылады. Мақалада поэтикалық аударманың көркем аудармадан айырмашылығы, әсіресе әр сөзге үлкен семантикалық және стилистикалық жүктеме түсетіндігі талқыланады. Зерттеу мақсаты — Абайдың "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларын салыстырмалы талдау арқылы түпнұсқа мен аудармалар арасындағы метроритмикалық және семантикалық ұқсастықтарды анықтау және олардың қалай жеткізілгенін көрсету. Бұл мақсатқа жету үшін, бастапқы және аударылған мәтіндер арасындағы ритм, рифма және семантикалық-стилистикалық сәйкестікті талдау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалардың әртүрлі ерекшеліктері айқындалып, олардың түпнұсқаға жақындық деңгейі бағаланды. Теориялық талдау аудармалардың ритмикалық құрылымы мен семантикалық үйлесімділігі, сондай-ақ олардың оқырманға әсері жөнінде түсінік береді. Орыс тіліндегі аудармаларда түпнұсқаға жақындық деңгейі жоғары болып, ритм мен рифма жақсы сақталғаны анықталды. Ағылшын тіліндегі аудармаларда верлибр (еркін өлең жолдары) көп қолданылып, ритмикалық құрылым біршама өзгеріске ұшырағанымен, мағыналық жүктемені жеткізу сақталған. Практикалық тұрғыдан алғанда, талдау нәтижелері аудармашылардың лексикалық таңдауында мұқияттылық танытып, түпнұсқаның негізгі идеясы мен эмоционалдық әсерін сақтау үшін стилистикалық тәсілдерді дұрыс пайдаланғанын көрсетеді. Аудармашылардың түпнұсқа мен аудармалар арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, оқырманға қажетті әсерді жеткізе алғаны дәлелденді.

Тірек сөздер: поэзия аудармасы, метроритмикалық құрылым, рифма, ритақты сурет, семантика, коммуникациялық интенция, реципиент, түпнұсқа

Кіріспе

Аударма – адам қызметінің ең көне түрлерінің бірі екені белгілі. Алғашқы кезеңдерден бастап аударма әртүрлі тілдерді қолданатын адамдардың өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беріп, маңызды әлеуметтік қызмет атқарды. Жазбаша аудармалардың кең таралуы халықтардың мәдениетімен танысуға, әдебиеттер мен мәдениеттердің өзара ықпалдасып, бір-бірін байытуына жағдай жасады.

Аударма ісі – теориялық негізі бар, әдеби және тілдік міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми сала. Әсіресе көркем шығарманы аудару түпнұсқаның көркемдік рухын басқа тілде дәл, шынайы және сапалы жеткізе білу өнерін талап етеді, бұл шығармашылық шеберліктің маңызды көрінісі болып табылады.

Ақындар мен жазушылардың шығармашылығын қарастыру және салыстыру барысында дәстүр сабақтастығы мен оның тағылымын басты назарда ұстау қажет.

Поэзия – бұл өлең жолдарына негізделген, мағынасы мен эмоциялық әсері арқылы ерекшеленетін өнер түрі. Поэзияның интонациясы музыкалық сипатқа ие болып, ырғақ синтаксистік заңдылықтарға толық бағынбайды, керісінше, метр арқылы синтаксистік құрылымдарға әсер етеді. Сондықтан поэтикалық мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері ерекше маңызға ие.

Поэзия тілін аударуда, толерантты болу да маңызды, осы жерде «Толеранттылық – адамның шынайы әлемді пассивті түзетусіз және өзінші қайта құрусыз белсенді қайта қабылдау қабілетін ашатын қасиет» [1, 8 б.].

Поэтикалық мәтін құрылымдалғанда мағынаны қалыптастыру тәсілі өзгереді: мәтіндегі әрбір элемент өзара тығыз байланыста болып, қосымша мағыналар береді. Поэтикалық контекст сөздердің көп мағыналылығын күшейтіп, олардың семантикалық реңктерін байытады. Осыған орай, поэтикалық аударманы талдаудың алдында оның мәтіндік ерекшеліктерін анықтау қажет.

Өнердің кез келген түрі өз материалдарымен шектелгенімен, поэзия – еркін, дыбыстық, бейнелік және нақты ойға негізделген сөз өнері болып табылады. Кейбір ғалымдар поэзияда барлық өнер түрлерінің элементтері бар деген ой түйіндейді және оның шексіз мүмкіндіктерін атап өткен.

И.Р. Гальпериннің терминологиясында семантикалық ақпарат екіге бөлінеді: нақты (фактуалды) және тұжырымдамалық [2, 27 б.]. Нақты (фактуалды) ақпарат белгілі бір оқиға аясында туындаған немесе ойдан шығарылған әлемде орын алған фактілер мен оқиғаларға қатысты мәліметтерді қамтиды. Ал тұжырымдамалық ақпарат автордың әлемге деген көзқарасын, оның түсінігін көрсететін тұжырымдар жиынтығын білдіреді және бұл ақпарат мәтінде жасырын күйде қалады. Ол нақты мазмұнның көмегімен бейнеленіп, мәтін арқылы жеткізіледі. Осылайша, мағына мәтіннің мазмұнының формасына айналып, оның құрылымын айқындайды. С.Ф. Гончаренко поэтикалық мәтіннің беретін ақпаратын екі негізгі түрге жіктейді: семантикалық және эстетикалық ақпарат [3, 107 б.].

Л.Т. Идиатуллина поэтикалық шығармаларды элементтердің күрделі кешені ретінде сипаттайды: ритм, әуен, строфика және стилистика өзара әрекеттесіп, оқырманның санасында синтетикалық әсер тудырады [4, 46 б.].

К.И. Леонтьева поэтикалық мәтінді экстралингвистикалық, прагматикалық, элеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа факторлармен үйлесе отырып, жүзеге асатын көркем құрылымдық семантикалық тұтастық ретінде анықтайды. Нәтижесінде, поэтикалық мәтін таза лингвистикалық және мәдени аспектілерден бастап, бірегей субъективті мағыналарға дейін жинақтай алады [5, 100 б.]. Мәтіннің бұл сипаты ақпараттың жоғары деңгейде қолданылуын қамтамасыз етеді. Ақын өз идеясын поэтикалық мәтіннің күрделі ақпараттық жүйесінің барлық компоненттерінің бірлігі мен өзара әрекеттесуі арқылы жүзеге асырады.

Әдебиетке шолу

Поэтикалық аударма ең күрделі аударма түрлерінің бірі болып табылады, себебі оның өзіндік ерекшеліктері көптеген қиындықтар туғызады. Поэзияны аудару тек тілді жетік білуді ғана емес, сонымен қатар өлең жазудың белгілі бір дағдыларын меңгеруді қажет етеді. Поэтикалық аудармада кездесетін қиындықтарды шартты түрде екі негізгі топқа бөлуге болады: бірінші топқа оқытылатын тіл мен аударылатын тілге тән мәдени, ұлттық және әлеуметтік айырмашылықтар жатады. Екінші топқа тілдің құрылымына қатысты қиындықтар: өлең формасының ерекшеліктері, рифма, ырғақ, сондай-ақ дәстүрлі түрде қалыптасқан поэтикалық өлшемдер кіреді.

Поэтикалық аударма өзінің қарама-қайшылықты табиғатына байланысты көптеген жылдар бойы аудармашылардың назарында болып, кең талқылауға түсіп келеді. Поэтикалық аударма ұғымын қалыптастыру барысында екі негізгі бағытты ажыратуға болады: лингвистикалық және әдеби. Лингвистикалық бағыт аударманың тілдік ерекшеліктеріне баса назар аударса, әдеби бағыт түпнұсқа шығарманың көркемдік мазмұны мен поэтикалық мәнерін жеткізуді мақсат етеді.

Көптеген ақын-аудармашылар поэзия аудармасының мәселелеріне ерекше көңіл бөлуде. Бұл салаға И.Р. Галперин, М.М. Бахтин, Н.С. Гумилев, К.И. Чуковский, С.Я. Маршак, М.Л. Лозинский, В.В. Левик, С.Ф. Гончаренко, С.Л. Сухарев, Е.В. Витковский, Б.В. Дубин сияқты ғалымдар мен зерттеушілер өз үлестерін қосқан. Дегенмен, поэтикалық аударманы бағалауға арналған нақты, жалпыға ортақ критерийлер, сондай-ақ аударма үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер мен нұсқаулар жетіспейді. Қазіргі аударма теориясында поэзия аудармасының мәселелеріне арналған теориялық зерттеулер жеткіліксіз болып отыр.

Аударма теориясында поэтикалық аударма жалпы аударманың бір түрі ретінде қарастырылады. В.Н. Комиссаров аударманы тілдік құралдардың көмегімен түпнұсқа мәтіннің мазмұнын басқа тілде коммуникативті эквивалентті мәтін құру арқылы жеткізу деп анықтайды [6, 253 б.]. Аударманың дамуы барысында поэтикалық аудармада адекваттылық пен эквиваленттілік ұғымдары басты назарда болды. А.Д. Швейцер поэтикалық эквиваленттілікті ерекше бөліп көрсетеді және оны аударманың шектеулігін сипаттау үшін қолдануға кеңес береді. Ол поэтикалық аударманың өзіндік ерекшеліктерін арнайы зерттемегенімен, бұл ұғымды аударманың жалпы заңдылықтарын көрсету үшін маңызды материал ретінде пайдаланады [7, 91 б.]. Аударманың арнайы теориясында поэтикалық аударма көркем аударманың жалпы тұжырымдамасына кіреді. И.С. Алексеевтің пікірінше, поэтикалық аударма көркем аударманың бір түрі ретінде қарастырылады және жанрлық-стистикалық классификацияға сәйкес, оның негізгі мақсаты — қабылдаушыға эстетикалық әсер ету [8, 288 б.]. Көптеген аудармашы ақындар поэтикалық аудармаға ортақ жол табуға тырысады. Мысалы, Н.С. Гумилевтің «Аудармашының тоғыз өсиеті» атты мақаласында поэтикалық көркемдіктің тоғыз қағидасы көрсетілген. Гумилевтің айтуынша, аудармашы ақын, зерттеуші және сыншы бола білуі керек. Ол түпнұсқаға аналитикалық және шығармашылық тұрғыдан қараудың маңыздылығын атап көрсетіп, әр

автордың шығармасына үлкен жауапкершілікпен қарау қажеттігін айтады. Сонымен қатар, аудармашы аудару үдерісінде өз пікірін қоспай, поэзия авторының ойы мен сезімдерін дәл сезінуі тиіс [9, 383 б.]. Поэтикалық аударманың айрықша ерекшелігі оның салыстырмалы түрде еркін сипаты болып табылады. Өлеңнің қатаң құрылымы тікелей сәйкестіктерді немесе дәл аудармаларды табуды жиі қиындатады. Әсіресе, рифма поэтикалық аудармада ерекше қиындық туғызады, бұл классикалық поэзияға тән сипат. Мысалы, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін аудару айтарлықтай қиындықтар тудырады, өйткені оның өлеңдеріндегі көркемдік құрылымдарды дәл жеткізу оңай емес. Ал қазіргі поэзияда нақты құрылымдар мен қатаң шектеулер аз, сондықтан аудармашыларға еркіндік көбірек беріледі.

Абай Құнанбайұлы – ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ және қоғам қайраткері. Абайдың шығармашылық мұрасы көркемдік тұрғыдан ерекшеленіп, оның туындыларында көтерілген мәселелер өзекті болып қала береді. Ақынның шығармалары арқылы қазақ халқының ойлары мен ұмтылыстары, халықтар арасындағы бостандық пен достық, ағарту мен теңдік жолындағы күресі көрініс табады. Абай өз ойларын қазақ тіліндегі өлеңдері арқылы терең мазмұнда жеткізіп, ұлттық руханияттың негізгі тіректерінің бірі ретінде басқа халықтардың әдеби көкжиегін кеңейте түсті.

Поэтикалық аударма, ең алдымен, форманың еркіндігімен ерекшеленеді, алайда оның басты мақсаты – түпнұсқаның мағынасын дәл жеткізу. Поэтикалық аударманың міндеттері жалпы көркем аударма міндеттерімен ұқсас болғанымен, онда көптеген бейнелі өрнектер мен әр сөздің семантикалық-стилистикалық жүктемесі үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, өлеңнің формасы, рифмасы және әуені сияқты элементтерге ерекше назар аудару қажеттілігі поэтикалық аударманы көркем аудармадан әлдеқайда күрделі етеді.

Поэзия аудармасының кең таралған бірнеше түрлері бар:

1. Поэзияның прозалық аудармасы – бұл поэзия аудармасының ең қарапайым түрі. Мұндай аудармада түпнұсқа өлеңнің мағынасы прозалық мәтін ретінде беріледі. Бұл тәсіл арқылы аудармашы семантикалық, эстетикалық және ақпараттық мазмұнды жеткізеді, бірақ түпнұсқа өлеңнің поэтикалық ерекшеліктері сақталмайды.

2. Өлеңдердің поэтикалық аудармасы – бұл аудармада түпнұсқа өлеңнің негізгі қасиеттері, соның ішінде құрылым мен мағына сақталады, бірақ рифма толық сақталмауы мүмкін. Мұндай аудармалар көбінесе "жалаң өлең" деп аталады, себебі түпнұсқаның рифмалық элементтері сақталмауы мүмкін.

3. Поэтикалық аударма – бұл түпнұсқаға барынша жақын аударма түрі, онда өлеңнің құрылымы, пішіні және рифмасы сақталып, мәтіннің мағынасы мен эстетикалық әсері жеткізіледі. Мұндай аудармада өлеңнің көркемдік элементтері мен мазмұнының үйлесімі маңызды рөл атқарады.

Осылайша, поэтикалық аударманың мақсаты – түпнұсқа мәтіннің поэтикасын бейнелейтін мәтін құру болып табылады. Аударма тек мазмұнның

бір бөлігін ғана емес, сонымен қатар мазмұнның формасы арқылы берілетін әсерін де сақтауға тырысады. Л.Т. Идиатуллинаның пікірінше, поэзиядағы форма мағыналы рөл атқарады. Аударманың мақсаты тек форма мен мазмұнды жеткізу ғана емес, сонымен қатар оқырманның санасы мен эмоциялық күйіне әсер ету болып табылады. Бұл үшін аудармашы белгілі бір семантикалық функцияларды сақтай отырып, түпнұсқаның идеялық-эстетикалық мазмұнын жеткізуі тиіс [4, 48 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Поэтикалық аудармадағы ритақ (ритм) мәселесінің маңыздылығы белгілі бір ритақпен сипатталатын поэтикалық мәтіннің ерекшеліктерінің салдары болып табылады.

Ритақ – бұл белгілі бір тәртіпте екпінді буындар және екпінді емес буындар орындарының ауысуы.

Метр – екпінді және екпінсіз буындардың кезектесу реттілігі, ол стоптағы буындардың санына байланысты өлшемдерді қамтиды (мысалы, екпінсіз буыннан кейін екпінді буынның келуі). Өлеңнің өлшемі мағынаны жеткізуге ықпал ете алады. Мысалы, екі буынды жолдар (хорей) жылдам қозғалысты білдіруі мүмкін, ал үш буынды жолдар (амфибрахий) баяу қозғалысты бейнелейді. Сонымен қатар, өлеңнің өлшемі автордың эмоционалдық жағдайын көрсетуге қабілетті.

Абайдың "Ғылым таппай мақтанба" өлеңі және оның орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары әрбір шумақ пен жол бойынша салыстырылып, аудармаларда түпнұсқаның эмоциялық және поэтикалық әсері сақталғанын бағалау үшін құрылымдық талдау жасалды. Бұл әдіс аудармалардағы метроритмикалық құрылымдардың сәйкестігін немесе ерекшеліктерін түсінуге көмектесті.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, орыс тіліндегі аудармаларда ритм және рифмаға ерекше көңіл бөлініп, түпнұсқамен жақындық жоғары болды. Ал ағылшын тіліндегі аудармаларда верлибр тәсілі кең қолданылып, ритмикалық құрылым біршама өзгергенімен, өлеңнің негізгі идеясы мен әсерін жеткізу сақталған.

Поэтикалық аудармада рифманы сақтау мәселесіне тоқталсақ, рифма – бұл поэтикалық жолдардың соңындағы дыбыстық үйлесімдердің қайталануы, яғни екі немесе одан да көп поэтикалық жолдардың аяқталуын байланыстыратын дыбыстардың ұқсас тіркесімдері. Рифма өлеңнің ритмдік ұйымдастырылуына көмектеседі, жолдарды біріктіріп, шумақтарды құрайды. Сонымен қатар, рифма сөздерді семантикалық тұрғыдан ерекшелей отырып, жаңа мағыналар жасауға мүмкіндік береді.

Рифманы сақтау мәселесі, әсіресе қазақ немесе орыс поэтикалық шығармаларын ағылшын тіліне аудару кезінде өзекті болып табылады, өйткені қазақ және орыс поэзиясында рифма кең таралған. Ал ағылшын поэзиясында, әсіресе XIX ғасырдың аяғынан бері, верлибр (еркін өлең жолдары) жиі қолданылып келеді, бұл ағылшын поэзиясының және поэзия аудармаларының рифмалық формалардан алшақтағанын көрсетеді.

Зерттеу барысында поэтикалық жолдардың аяқталуын байланыстыратын дыбыстардың ұқсас тіркесімдерін қайталау әдісі қолданылды. Бұл әдіс шығарманың ритмдік ұйымдастырылуына көмектесіп, өлең жолдары мен шумақтарды біріктіру үшін қолданылады. Аударма поэтикалық өлшемнің сақталуын, яғни буындар мен екпіндердің санын және түпнұсқа мәтіндегі жолдар мен шумақтардың ретін сақтауды көздейді. Сондай-ақ, *верлибр (еркін өлең жолдары) әдісі* ағылшын тіліне аудару барысында қолданылды. Бұл әдіс қазақ тіліндегі шығарманың семантикасын бұзбай, реципиентке қажетті әсерді сақтап, коммуникациялық интенцияны сәтті жеткізу мақсатында пайдаланылды.

Ритмді синтаксис пен метрдің арақатынасы арқылы сипатталатын интонациялық ритм деп ажыратуға болады. Поэзиядағы интонациялық монотондылық әрқашан логикалық интонациялармен салыстырылады, бұл синтаксистік-интонациялық айырмашылықтардың айқын көрінісін жасайды. Мұндай фон аясында сөздердің лексикалық мағыналары өзара байланысып, салыстырылып, терең мағыналық мәндерге ие болады.

Зерттеудің негізгі әдіснамасы талдау мен талқылауға негізделген.

Талқылау

Абай Құнанбайұлының "Ғылым таппай мақтанба" өлеңі көлемді әрі көркемдік бейнелеу құралдарына бай, бұл оны аударудағы күрделілікті арттырады. Кейбіреулер өлеңнің күрделілігі аудармашыларға көп қиындық тудырмайды деп ойлауы мүмкін, бірақ іс жүзінде бұл олай емес. Аудармашылар М. Петровых пен Ә. Қодардың орыс тіліне жасаған аудармаларында өлеңнің түрлі деңгейлерде және аспектіде интерпретацияланғаны байқалады. Бұл аудармалардың көркемдік-эстетикалық дәрежелері әртүрлі болып шықты және реципиентке жеткізілетін ойлардың да айырмашылығы болды. Бұл талдауда біз Абай Құнанбайұлының "Ғылым таппай мақтанба" өлеңін М. Петровыхтың орыс тіліне және Том Боттингтің ағылшын тіліне аударған кейбір өлең жолдарын салыстырып, олардың ерекшеліктерін талдап көрсетеміз.

Жоғарыда айтылған ғалым-зерттеушілердің поэзия аудармасына қатысты пікірлеріне сүйене отырып, поэзия аудармасы тек мазмұн мен мағынаны жеткізуге негізделуі мүмкін деген көзқарас қалыптасқан. Дегенмен, өлеңнің құрылымдық ерекшеліктерін, ритмикалық құрылымын (ритақты) аударудың маңыздылығы жиі ескерілмейді. Ритм мен мағынаны бір-бірінен бөліп қарастыру немесе ритақты тек мәтінді сипаттау құралы ретінде бағалау түпнұсқаның ритмикалық құрылымы мен мағыналық құндылығын төмендетуі мүмкін.

Шын мәнінде, поэтикалық шығарманың ритмикалық құрылымын түсінбеу және оны аударуда жеткілікті деңгейде ескермеу аударманың сапасына әсер етеді. Ритмді сақтаудың маңыздылығы поэзия аудармасының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады, өйткені ол түпнұсқаның эмоционалдық және эстетикалық әсерін сақтауға көмектеседі. Осылайша, ритмді мағынаның ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Абай Құнанбайұлының *Ғылым таппай мақтанба* өлеңін М. Петровтың орыс тіліне тәржімелеген аудармаларымен салыстырып көрейік:

Кесте 1. Салыстырмалы нұсқа (түпнұсқа және орыс тілінде)

Түпнұсқа:	М. Петровтың аудармасы:
<p><i>Ғылым таппай мақтанба. Орын таппай баптанба. Құмарланып шаттанба. Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Тілеуің, өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шаппақ – Бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз [10,65].</i></p>	<p><i>Пока не знаешь - молчи. Пока блуждаешь - молчи. Не тешься блеском парчи, Пустых забав не ищи. Чтоб человеком ты был, И вровень с веком ты был, И не жил бы суетой, Ты пять врагов покори И пять друзей избери. Злословье, ложь, хвастовство, Тщету пустую и лень Смети с пути своего. Правдивость, ясная мысль, Упорство, скромность и труд - Доверься - не предадут [10,57].</i></p>

Жоғарыда көрсетілген 1-ші кестеде Абай Құнанбайұлының *Ғылым таппай мақтанба* өлеңін М. Петровтың орыс тіліне аудармасы көрсетілген, Абай Құнанбайұлының "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде ақын айқын әрі ауызекі сөйлеу стилінде ой толғап отырғандай көрінгенімен, шығарманың рифмалық құрылымы ерекше назар аударады. Поэтикалық шығармада рифма, яғни өлең жолдарының соңындағы дыбыстық үйлесімдердің қайталануы арқылы екі немесе одан да көп жолдардың байланысы байқалады. Өлеңде рифма үнемі қайталанып, мысалы, "мақтанба – шаттанба," "жесеңіз – білсеңіз," "терең ой – ойлап қой" сияқты сөздер арқылы көрініс табады. Бұл рифмалық құрылым өлеңнің ритмдік ұйымдастырылуына көмектесіп, жолдар мен шумақтарды біріктіреді. Сонымен қатар, рифма арқылы сөздерді семантикалық түрде ерекшелеу өлеңге қосымша мағыналар беретінін байқауға болады.

Бұл шумақта *грамматикалық трансформациялар* қолданған, яғни аударма үдерісіндегі сөйлемнің құрылымының өзгеруін байқаймыз және лексикалық трансформацияның *қосу әдісін* қолданған, аудармашы *нақтылау* мақсатында қолданды деген ой түйеміз.

Поэзия аудармасы ұзақ уақыт бойы тек мазмұны мен мағынасын аударуға негізделген деп есептелді, ал өлеңнің құрылымдық ерекшеліктерін аудару мүмкін емес деген көзқарас басым болды. Дегенмен, поэзия аудармасы түпнұсқа шығарманың ритмикалық құрылымын сақтаудың маңыздылығын да қамтуы тиіс. Ритм мен мағынаны бір-бірінен бөлу, ритмді тек мәтінді сипаттау элементі деп қарастыру түпнұсқаның мәні мен ритмикалық құрылымының құнсыздануына әкелуі мүмкін.

Аудармада әдетте поэтикалық өлшем сақталады, яғни өлеңдегі буындар мен екпіндердің саны, шумақтардың және жолдардың реті түпнұсқаға сәйкес келеді. Мұндай жағдайда аудармада түпнұсқаның формасы мен құрылымын сақтай отырып, эстетикалық әсерге ие жаңа шығарма жасалады. Алайда, түпнұсқа мәтіннің формасын өзгерту ақынның ойы мен ниетін өзгертуге әкеліп, шығарманың бастапқы мағынасының жоғалуына және автор жасаған шындықтың бұрмалануына себеп болуы мүмкін.

Аудармаға кіріспес бұрын, ритм арқылы берілген мағынаны түсіну маңызды. Ақынның ойы ритмикалық құрылым арқылы көрініс тауып, оны сақтап аудару түпнұсқаның эстетикалық және семантикалық мәнін жеткізуде басты принцип болып табылады.

Абай Құнанбайұлының *Ғылым таппай мақтанба* өлеңін Том Боттинг ағылшын тіліне тәржімелеген аудармаларымен салыстырып көрейік:

Кесте 2. Салыстырмалы нұсқа (түпнұсқа және ағылшын тілінде)

Түпнұсқа:	Том Боттинг аудармасы:
<p><i>Ғылым таппай мақтанба. Орын таппай баптанба. Құмарланып шаттанба. Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Тілеуің, өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – Бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз [11,65].</i></p>	<p><i>You should not vaunt your knowledge while you're still untaught, Nor bask in rapture's bliss while you are immature, Nor boast of matchless skill at childish games and sport, For things that easy come were never yet secure. Five things in life there are that you should shun and ban. Five other things there are that you should strive to gain, If you have made your aim to be a worthy man. And know - if you try hard your goals you will attain. Look to the future, whatever you do! Bragging and slander, odious lies, Foul dissipation, laziness, too. These are five things a man should despise! [11,39].</i></p>

Жоғарыда көрсетілген 2-ші кестеде Абай Құнанбайұлының *Ғылым таппай мақтанба* өлеңін Том Боттинг ағылшын тіліне аудармасы көрсетілген, рифманы сақтау мәселесі, әсіресе, қазақ немесе орыс поэтикалық шығармаларын ағылшын тіліне аудару кезінде қиындық тудырады, себебі рифма қазақ және орыс тілдерінде кең таралған. Қазақ және орыс поэзиясына қарағанда, ағылшын поэзиясында верлибр (еркін өлең жолдары) жиі кездеседі, бұл тенденция ХІХ ғасырдың аяғынан бастап кеңінен қолданыла бастады. Осыған орай, ағылшын поэзиясы мен поэзия аудармалары көбінесе рифмалық формалардан алшақтайды.

Аудармада басты мағынаны жеткізуге тырысқан сонымен қатар лексикалық трансформацияның келесі түрі *жуық аударма (приближенный*

перевод) қолданылған деп тұжырымдаймыз, жалпы *жуық аударма* дегеніміз ол – аударма тіліндегі ұқсас, бірақ бірдей емес мағынасы бар аналогтардың таңдауы болып табылады.

Абайдың поэтикалық шығармаларында рифма өлең жолдарының соңындағы дыбыстардың ұқсастығымен, яғни екі немесе одан да көп жолдардың аяқталуын байланыстыратын дыбыстық үйлесімдердің қайталануымен ерекшеленеді. Алайда, ағылшын тіліндегі аудармаларда бұл рифмалық ерекшеліктер сақталмағаны байқалады. Ағылшын аудармасында "your," "that," және "and" сияқты сөздердің жиі қолданылуы мәтіннің формасын өзгертіп, түпнұсқаның рифмалық құрылымын бұзады.

Поэтикалық шығармада рифма мен метр ұғымдары өлең жолдарының құрылымын айқындайды. Метр екпінді және екпінсіз буындардың белгілі бір реттілікпен кезектесуін білдіреді және өлең жолында кездесетін буындардың санына байланысты өлшемдерді қамтиды. Алайда, ағылшын тіліндегі аудармада бұл метрлік ерекшеліктер көп жағдайда ескерілмеген. Дегенмен, шығарманың негізгі ойы мен семантикалық мазмұны реципиентке жеткізілген деуге болады, өйткені өлеңнің өлшемі мағынаны жеткізудің бір құралы ретінде қарастырылған.

Аударма алдында ритм арқылы берілген мағынаны талдау маңызды. Өлеңнің ритмі ақын ойының "қозғалысын" бейнелейтін маңызды принцип болып табылады, және оны аудармада сақтау аудармашы үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Нәтижелер

Мақалада жүргізілген талдау негізінде, орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда өлеңнің мағынасы мен коммуникативтік интенциясын реципиентке сәтті жеткізуге қол жеткізілгені дәлелденді. Орыс тіліндегі аудармаларда мәтіндердің метроритмикалық құрылымдарының сәйкестігі, олардың семантикалық және құрылымдық ұқсастықтары, сондай-ақ қабылдаушыға әсері айқын көрсетілген. Ал ағылшын тіліндегі аудармаларда метроритмикалық сәйкестікке көп жағдайда назар аударылмаған, себебі ағылшын поэзиясында *верлибр (еркін өлең жолдары)* жиі қолданылады. Мақалада жасалған талдау негізінде бірнеше орысша аударма авторы, өлең аудармасын қабылдаушыға *грамматикалық трансформация* мен *лексикалық трансформацияның* бірнеше әдіс тәсілдерін қолдану арқылы реципиентке коммуникациялық интенция сәтті жеткенін, мағынаны толық айта алғанын көріп отырмыз. Талдау барысында орысша аударма авторлары *қосу, түсіру, компенсация, мағыналық даму, орын олтыру, жалпыландыру, тұтас түрлендіру, бөлшектену* тәсілдерін жиі қолданып, түпнұсқаның лексикалық бірліктерін аударма тілі бірліктерін қолдана отырып аудару тәсілін қолданған, олардың мәні бастапқы бірліктердің шамаларына сәйкес келмейді, сондықтан лексикалық-семантикалық трансформация қолданылған, олардан белгілі бір логикалық түрлендіруді, жоғарыда аттап өткен *грамматикалық трансформация* мен *лексикалық трансформацияның* бірнеше әдіс тәсілдерін қолдану арқылы қолдана отырып, оларды көрсете ұсынғаны анықталды.

Қорытынды

Көркем аударманың бір түрі ретінде поэзия аудармасы поэтикалық мәтінді мақсатты тілде қайта құруды көздейді. Бұл процесс түпнұсқаның мазмұны мен эстетикалық ақпаратын жаңа поэтикалық мәтін арқылы жеткізуді талап етеді. Аудармашы түпнұсқаның идеяларын, мағыналарын сақтай отырып, қажет болған жағдайда басқа лингвистикалық немесе поэтикалық формаларды қолдана алады. Поэзия аудармасы аударылған мәтінді әдеби процеске, мәдени дәстүрге және сол тілдегі әдебиеттің жадына қосуды мақсат етеді, бұл түпнұсқа мен аударма арасындағы шекараны жоюға мүмкіндік береді.

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің дамуында жаңа кезең ашқан ұлы ақын. Оның поэтикалық тілі ұлттық колоритке бай, қазақ халқының тұрмысымен және дәстүрлерімен байланысты лексикалық ерекшеліктермен сипатталады. Абайдың поэтикалық тіліндегі кейбір ұғымдар мен сөздер орыс немесе ағылшын тілдерінде баламасы жоқ және олардың мәнін дәл жеткізу қиынға соғады. Мұндай жағдайда тек мағынасын беру мүмкіндігі ғана қалады, ал кейбір сөздерді аудару тіпті мүмкін емес. Сондықтан аудармашының түпнұсқаның терең табиғатын, ақынның шығармашылық әлемін және поэтикалық мәнерін қаншалықты түсінетіні аударманың сапасына тікелей әсер етеді.

Ақынның идеясын аудармада жеткізу екі деңгейде жүзеге асырылады: бірінші деңгейде түпнұсқаның нақты мазмұнын, яғни негізгі ақпарат пен ойды дәл беру керек. Екінші деңгейде өлеңнің көркемдік мәнін сақтай отырып жеткізу маңызды, себебі әрбір ақынның өзіне тән поэтикалық стилі мен мәнері бар. Аударма барысында осы поэтикалық ерекшеліктерді дәл бейнелеу қажет, өйткені поэтикалық реңктерді өзгерту түпнұсқаның табиғи қасиетін төмендетіп, ақынның поэтикалық әлемін бұрмалап жіберуі мүмкін.

Қорытындылай келе, аударылған өлең оқырманның мәдениетіне бейімделген кезде түпнұсқаның мағынасы мен әсері сақталады. Прагматикалық бейімдеумен жасалған аударма автордың коммуникативтік ниетін оқырманға жеткізуді қамтамасыз етеді. Мұндай аудармада автордың қолданған көркемдік элементтері, реңктері, ырғақтары барынша сақталады, нәтижесінде оқырман түпнұсқаның әсерін сезіне алады.

Абай өлеңдерінің басқа тілдерге аудармасы көбінесе жолма-жол аудармаға немесе түпнұсқаның мазмұны мен идеясын қайта баяндау тәсіліне негізделген. Зерттеулер көрсеткендей, аудармалар строфа, рифма, ырғақ, семантика мен құрылым тұрғысынан жоғары эквиваленттілікпен сипатталады. Нәтижелер аудармашының түпнұсқа мен аударма арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, стилистикалық тұрғыдан таңбаланған лексиканы сәтті қолданғанын дәлелдейді. Аудармашылардың Абайдың айтпақ ойын сақтап, оқырманға тиісті әсерін жеткізе алғаны анықталды.

[1] Islam A. Some aspects of formation of metacommunicative competence in the process of professional training // *Journal Espacios*. – 2018. – № 30. – Vol. 39. – P. 8.

[2] Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М., 2006. – 210 с.

[3] Гончаренко С.Ф. Перевод и поэтический перевод: устойчивость и вариативность // Тетрадь переводчика: научно – теоретический сборник. Выпуск 24. – М. МГЛУ. 1999 – С. 107-122.

[4] Идиатуллина В.Н. The problem of poetry's translation in the works of the modern scientists // *Вестник Казанского государственного университета культуры и искусств*. – 2010. – № 1. – С. 44-49.

[5] Леонтьева К.И. Чрезмерная осмысленность формы поэтического текста как проблема перевода // *Lingua mobilis*. – 2012. – № 1 (34) – С. 100-115.

[6] Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты). – М.: Высшая школа, 1990. – 253 с.

[7] Швейцер А.Д. Теория перевода: статус, проблемы, аспекты. – М.: Наука, 1988. – 216 с.

[8] Алексеев И.С. Профессиональное обучение переводчиков. Учебник по переводу для переводчиков и преподавателей. – СПб.: Союз, 2008. – 288 с.

[9] Гумилёв Н. С. Письма о русской поэзии. – М: Современник, 1990. – 383 с

[10] **Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Таңдаулылар /Қазақ тілінен аударма. – М.: Көркем әдебиет, 1970. – 272 б.**

[11] **Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Т.1. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.**

REFERENCES

[1] Islam A. Some aspects of formation of metacommunicative competence in the process of professional training // *Journal Espacios*. – 2018. – № 30. – Vol. 39. – P. 8.

[2] Galperin I.R. Tekst kak ob"yekt lingvisticheskogo issledovaniya (Text as an object of linguistic research). – М., 2006. – 210 s. [in Rus.]

[3] Goncharenko S.F. Perevod i poeticheskiy perevod: ustoychivost' i variativnost' // tetrad' perevodchika: nauchno – teoreticheskiy sbornik (Poetic translation and translation of poetry: costants and variability // *Translator's notebooks: a scientific theoretical collection.*) – Vypusk 24. – М. MGLY. 1999 – S. 107 -122. [in Rus.]

[4] Idiátýllina V.N. The problem of poetry's translation in the works of the modern scientists // *Vestnik Kazanskogo gosudarstvennogo universiteta kul'tury i iskusstv*. – 2010. – № 1. – S. 44-49.

[5] Leonteva K.I. Chrezmernaya osmyslennost' formy poeticheskogo teksta kak problema perevoda (Supersemantization of the form of a poetic text as a problem of translation // *Lingua mobilis*). – 2012. – № 1 (34) – S. 100-115. [in Rus.]

[6] Komisarov V.N. Teoriya perevoda (lingvisticheskiye aspekty) (Theory of translation. (linguistic aspects)). – М.: Vysshaya shkola, 1990. – 253 s. [in Rus.]

[7] Shveiser A.D. Teoriya perevoda: status, problemy, aspekty. (Theory of translation: Status, problems, aspects.) – М.: Nauka 1988 – 216 s. [in Rus]

[8] Alekseev I.S. Professional'noye obucheniye perevodchikov. Uchebnik po perevodu dlya perevodchikov i prepodavateley(training. Textbook on interpretation and written translation for translators and teachers). – St. Petersburg: Spb.: Союз, 2008. – 288 s. [in Rus]

[9] Gýmilev N. S. Pis'ma o russkoy poezii (Letters about Russian poetry). – М: Sovremennik, 1990. – 383 s. [in Rus]

[10] Abai (Ibrahim) Qunanbaev. Таңдаулылар /Qazaq tilinen aýdarma (Favorites / Translation from Kazakh). – М.: Kórkem ádebiyet, 1970. – 272 b. [in Kaz]

[11] Abai (Ibrahim) Qunanbaev. Shygarmalarynyń eki tomdyq tolyq jinaǵy (**Two volumes of complete collection**). –Т.1. – Almaty: Gylym, 1977. – 454 b. [in Kaz]

СООТВЕТСТВИЕ МЕТРОРИТМИЧЕСКИХ СТРУКТУРЫ СТИХОВ АБАЯ КУНАНБАЕВА В ПЕРЕВОДЕ

*Габдкаримова Г.С.¹, Оспанова Г.Т.², Рысбаева Г.К.³

^{*1,2}КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³ Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье всесторонне изучается соответствие метrorитмической структуры в переводах стихотворений Абая Кунанбайулы на русский и английский языки. Главной особенностью поэтического перевода является свобода формы и необходимость переводчика правильно передать смысл. Кроме того, сохранение художественного стиля, рифмы и мелодии в переводе является большой задачей для переводчика. В статье рассматривается отличие поэтического перевода от художественного перевода, особенно то, что каждое слово имеет большую смысловую и стилистическую нагрузку. Цель исследования – выявить метrorитмическое и семантическое сходство оригинала и переводов путем сравнительного анализа русского языка и английские переводы стихотворения Абая «Гылым тепанда тынба» и показать, как они были переданы. Для достижения этой цели были использованы методы анализа ритма, рифмы и семантико-стилистического соответствия оригинального и переведенного текстов. В ходе исследования были выявлены различные особенности русских и английских переводов и оценен уровень их близости к оригиналу. Теоретический анализ обеспечивает понимание ритмической структуры и смысловой гармонии переводов, а также их воздействия на читателя. Установлено, что в русских переводах высока степень близости к оригиналу, хорошо сохранены ритм и рифма. В английских переводах часто используются верлибры (строки свободного стиха), и хотя ритмическая структура претерпела некоторые изменения, передача смысловой нагрузки сохранилась. Переводчики были осторожны в выборе лексики и правильно использовали стилистические приемы, чтобы сохранить основную идею и эмоциональное воздействие оригинала. Доказано, что переводчики смогли донести до читателя желаемый эффект, сохранив баланс между оригиналом и переводами.

Ключевые слова: перевод поэзии, метrorитмическая структура, рифма, ритмический рисунок, семантика, коммуникационная интенция, реципиент, оригинал

CORRESPONDENCE OF THE METRORHYTHMIC STRUCTURE OF ABAI KUNANBAEV'S POEMS IN TRANSLATION

*Gabdkarimova G.S.¹, Ospanova G.T.², Rysbayeva G.K.³

^{*1,2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³Egyptian University of Islamic Culture Nur Mubarak, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the article, the conformity of the metrorhythmic structure in the translations of Abay Kunanbayuly's poems into Russian and English is comprehensively studied. The main feature of poetic translation is its freedom of form and the translator's need to convey the meaning correctly. In addition, preservation of artistic style, rhyme and melody in the translation is a great challenge for the translator. The article discusses the difference between poetic translation and literary translation, especially the fact that each word has a great semantic and stylistic load. The purpose of the study is to identify metrorhythmic and semantic similarities between the original and the translations through a comparative analysis of Russian and English translations of Abay's poem "Gylym tepanda tyanba" and to show how they were conveyed. . To achieve this goal, the

methods of analysis of rhythm, rhyme and semantic-stylistic correspondence between the original and translated texts were used. During the research, various features of Russian and English translations were identified and their level of closeness to the original was evaluated. The theoretical analysis provides an understanding of the rhythmic structure and semantic harmony of the translations, as well as their effect on the reader. It was found that the level of closeness to the original was high in the Russian translations, and the rhythm and rhyme were well preserved. In English translations, *verlibre* (free verse lines) are used a lot, and although the rhythmic structure has undergone some changes, the conveyance of the semantic load has been preserved. From a practical point of view, the results of the analysis show that the translators were careful in their lexical selection and correctly used stylistic methods to preserve the main idea and emotional impact of the original. It has been proven that the translators were able to convey the desired effect to the reader by maintaining a balance between the original and the translations.

Keywords: poetry translation, metrorhythmic structure, rhyme, rhythmic pattern, semantics, communication intention, recipient, original

Мақала түсті: 13 маусым 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Габдкаримова Гулжазира Сагидокасовна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «8D02302 – Аударма ісі (батыс тілдері)» білім беру бағдарламасы, докторант, e-mail: gabdkarimovagul@gmail.com

Оспанова Гулмария Турысбековна – PhD, әл-Фараби ҚазҰУ, e-mail: maryama140870@gmail.com

Рысбаева Гульдархан Калиевна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті профессоры, e-mail: guldarhan@inbox.ru³

Информация об авторах :

Габдкаримова Гулжазира Сагидокасовна – докторант по образовательной программе «8D02302 – Переводческое дело (западные языки)» КазНУ имени аль-Фараби, e-mail: gabdkarimovagul@gmail.com

Оспанова Гулмария Турысбековна – PhD, КазНУ имени аль-Фараби, e-mail: maryama140870@gmail.com

Рысбаева Гульдархан Калиевна – доктор филологических наук, профессор, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, e-mail: guldarhan@inbox.ru

Information about the authors:

Gabdkarimova Gulzhazira Sagidokasovna – doctoral student of the educational program "8D02302 – Translation (Western languages)" al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gabdkarimovagul@gmail.com¹

Ospanova Gulmaria Turysbekovna – PhD, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: maryama140870@gmail.com²

Rysbayeva Guldarhan Kalieva – Doctor of Philological Sciences, Professor, Egyptian University of Islamic Culture Nur Mubarak, e-mail: guldarhan@inbox.ru